

Ежелгі Грекия өнері

Ежелгі Грекия өнері

Ежелгі грек мифтері төңірлік әрекеттер туралы баяндаса, ішінара ғажайып батылдық дарыған әр алуан ерлі-зайыпты Құдайлар ұрпағы болып есептелетін қаһармандардың ерліктері мен бастан кешкен оқиғаларын суреттеуге арналған.

Бұл бағзы хикаялар мен аңыздарды римдіктер де пайдаланған. Жаңа дәуірде ол хикая-аңыздар ежелгі грек мифологиясы дейтін ортақ атаққа ие болды

Ежелгі Грекия өнері

Ежелгі Грекия немесе Эллада — б.з.б. III мыңжылдықтан б.з.б. I ғасырына дейін болған ежелгі грек мемлекеттері жерінің жалпы аты; Балкан түбегінің оңтүстігін, Эгей теңізіндегі аралдарды, Фракия жағалауын, Кіші Азияның батыс өңірін ала орналасқан.

Грек отаршылдығы дәуірінде (б.з.б. 8-6 ғ. бұл мемлекеттер өз ықпалын Италия, Шығыс Сицилия, Оңтүстік Франция жеріне, Африканың солтүстік жағалауына (Киренаикаға), Қара теңіз бен Азов Теңізінің бұғаздары мен жағалауларына дейін таратып, сол жерлерде грек отарлары ашылған.

Ежелгі грек театры.

Элидаврдағы театр

Театрдың даму кезеңдерінің бірі — көне замандағы театр мәдениеті. Ертедегі грек драмасы мен театры — жүзім мен шарап жасау Құдайы Дионистің құрметіне ауылдық жерде мереке өткізу негізінде пайда болды. Бұл мерекелерде маскалы адамдар, теке терісін кигендер (теке — Дионистің қасиет тұтатын жануары) өнер көрсетті. Маскалылар хорының би аралас әндерінде диалог элементтері мен сахналық қимыл- өрекет басым жатты.

Эллинистік дәуірге дейін хор грек драмасындағы басты элемент болып келді. Феспид бірінші болып б.з.д. 534 жылдың көктемінде Ұлы Дионис мерекесінде, өзінің трагедиясын көрсетіп, бас жүлдеге ие болды. Сондықтан да б.з.д. 534 жыл әлем театрының туған жылы деп саналады. Ақын Феспид хордан ерекше орындаушыны — актерді бөліп шығарды. Сөйтіп, дүниеге бірінші актер — протагонист келді. Хор басшысы — корифей бастаған хор 12, кейіннен 15 адамнан құралды. Грек драмасы өзінің даму процесінде діни әдет-ғұрыптардан бірте-бірте алшақтай берді. Сонымен бірге драма грек мифтеріндегі материалды молынан пайдаланды.







Ежелгі Грекия тарихында тарихшылар келесі кезендерді белгілейді::

Эгей мәдениеті (б.з.б. III мыңжылдықтың соңы — II мыңжылдық). Миной және Микен өркениеті.

Миной өркениеті (Крит):

Ерте миной кезеңі (б.з.б. XXX—XXIII ғғ.).

Орта неминой кезеңі (б.з.б. XXII—XVIII ғғ.).

Кейінгі миной кезеңі (б.з.б. XVII—XII ғғ.).

Эллада өркениеті (Балкан Грекиясы):

Ерте эллада кезеңі (б.з.б. XXX—XXI ғғ.).

Орта эллада кезеңі (б.з.б. XX—XVII ғғ.).

Кейінгі эллада кезеңі (б.з.б. XVI—XII ғғ.) немесе Микен өркениеті.

Полистер кезеңі (б.з.б. XI—IV ғғ.).

Гомер кезеңі немесе «қараңғы ғасырлар» (б.з.б. XI—IX ғғ.).

Көне Грекия (б.з.б. VIII—VI ғғ.).

Эллинистік Грекия (б.з.б. IV—I ғғ.э.).

Бірінші эллинистік кезені (б.з.б. 334—281 ж.).

Екінші эллинистік кезені (б.з.б. 281—150 ж.).

Үшінші эллинистік кезені (б.з.б. 150—30 ж.).

THE LIBERTY JAM

Ертедегі грек драмасы мен театры — жүзім мен шарап жасау Құдайы Дионистің құрметіне ауылдық жерде мереке өткізу негізінде пайда болды.

Қазір біз қолданатын "трагедия" және "комедия" сөздері Ежелгі Грекияда өткен мерекелерден шыққан. "Трагедия" сөзі гректің екі сөзінен алынған: "трагос" — теке және "одэ" — өлең, ән, яғни "текелер әні" деген ұғымды береді.

Сұрақтар

- 1. Ежелгі Грекияның орналасқан аумағы?

Жауабы

Балқан түбегінің оңтүстігі және Кіші Азияның батыс
өңірінде орналасқан

Милет мектебінің
өкілдері?

Жауабы

Фалес, Анаксимандр, Анаксимен

**"Адамзаттың бірінші
ұстазы"?**

Аристотель

Грек Құдайлары қай
тауда тұрған?

Олимп

Кімнің құрметіне Ежелгі Грек
драмасы мен театры пайда
болды?

Жүзім мен шарап жасау
құдайы Дионис

Соғыс Құдайы?

Apec

Зевстің қызы?

Афродита-
сұлулық, махаббат
құдайы

**Назарларыңызға
рахмет!**